

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

«Біз сыбыйлас жемқорлыққа қарсымыз»

(балаларға түсіндірме жұмыстары)

2022оқу жылы

Тақырып: «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» (балаларға түсіндірме жұмыстары)

Мақсаты: Балалар сыбайлас жемқорлық туралы мәлімет алды. Басқа біреудің затын алмауға және заңға қайшы шығуға болмайтынын түсінеді.

Саламатсыздарма балалар! Бүгінгі күніміз сәтті өтсін, енді балалар, тақтаға қарайықшы. Бұл жерде адамның жаман жасаған әрекетінен, осындай нәтижеге келген. Жаман әрекетке барған адамдар мысалы: біреуден ақша алу және біреуге ақша беру бұл заңға қайшы келеді. Заңды бұзған адам торға қамалады, сол себептен балалар қазірден бастап біреудің затын алудан аулақ болу керек. Балалар, кім маған осы суретте жаман әрекеттерді көрсетеді.



Айлин біреудің ақшасын алуға болады ма? -Жоқ

Дұрыс біреудің ақшасын алуға болмайды. Осының барлығың коррупция дейміз.



Коррупция туралы шағын ертегіні сахналап шығайық. Ерте, ерте, ертеде бір кемпір болыпты, оның сүп-сүйкімді ешкісі болыпты. Бір күні ешкі секен-секендеп орманға қарай жөнелді, сосын орманда адасып қалыпты.



Кейін қарай жүрседе, үйге жол таба алмады. Сөйтіп шаршап келе жатырса алдынан бір үйшік көрінді. Жақындап терезесін қағады, ішінен тышқан шығады.

Тышқан: Бұл кім тереземді қаққан?

Ешкі: Бұл мен орманда адасып қалдым, үйшігіңізде демала тұрсам болама?

Тышқан: Әрине болады, ақысын төлесен!

Ешкі: Қалайша олай ертегілер әлемінде болмайды ғой, барлық аңдар тегін тұрған. **Тышқан:** Бұл ертеде солай болған, ал енді осы үйшіктің бастығы мен, ақшан болмаса кет.



Ешкі орманды көп жүріп, алдынан үлкен зәулім үйші түрады барып есігін қағады.

Аю: Кім менің есігімді түртіп жатқан?

Ешкі: Мен орманда адасып қалған ешкімін, қатты шаршадым үйшігіңізге кіріп демалуға болады ма?

Аю: Әрине болады тек сен ертен орманда сайлау болады, соған маған дауыс бер- деді. Ешкінің көңілі түсіп ары қарай кетеді.



Алдынан кірпі шығады, жағдайын соған айтып күрісінеді.

Кірпі : Сен мұнайма, мен саған көмектесемін, саған алма берейін қарын ашқан шығар. Ал енді жолға шығуға болады.



Ешкі дос тауып, Кірпі екеуі кележатқанда алдарынан Қарға үшіп қонды.

Қарға: Қай жакқа жол тарттындар достарым.

Кірпі: Біз орманнан шығар жолды іздеп жүрміз, себебі Ешкі адасып қалған орманда.Қарға: Жағдай түсінікті мен сендерге көмектесемін, себебі мен жоғарыдан барлығын көремін.



Қарға достарына көмектесіп жолды көрсетеді.





Кемпір Ешкісін көріп мәз болады, достарын дастарханға шақырып ризашылығын білдіреді.

Тәрбиеші: Балалар, біз бұл жерде не көрдік, не түсіндік?

Балалар: Ешкі орманда адасып қалған оған достары көмектесті.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, тышқанды да көрдік бір үйшікті меншектеп алып , оған бастық болып ақша сұрап отырғаны заңсыз әрекетке жатады. Аю да, өз қызметін пайдаланып қысым көрсетті, осы барлығы коррупцияға заңға қайшы келетінін біліп жүріңдер.Сау болыңыздар.